

Бодеев Канат Турумовичтің  
«Орталық Қазақстанның діни ұйымдарының тарихы (1941-1991 жж.)»  
«6D020300-Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына

## **АННОТАЦИЯ**

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Орталық Қазақстанның діни ұйымдарының қызметіне байланысты бірқатар мәселелер: қарастырып отырған кезеңдегі мемлекеттің діни саясатының ерекшеліктері; ресми биліктің діни ұйымдармен қарым-қатынасы; 1941-1991 жылдардағы діни ұйымдардың құқықтық жағдайы; Орталық Қазақстандағы діни ұйымдар мен діни қауымдардың жүргізген жұмыстары, олардың 1941-1991 жылдардағы аймақтағы қызметінің тарихы зерттелді.

**Тақырыптың өзектілігі.** Тарихнамада ұзақ уақыт бойы Кеңес Одағын кез-келген конфессиялық ұйымдар мен діндарлықтан толығымен бас тартқан, атеистік мемлекет ретінде қабылдау стереотипі орнықты. Бірақ коммунистік атеизмді белсенді насихаттау мен ұзақ уақыт жүргізілген дінге қарсы қарқынды шараларға қарамастан, КСРО-да діндарлардың саны едәуір болып, діни ұйымдар жартылай заңды және заңсыз жағдайда қызмет түрлерін жүзеге асырып, нормативтік-құқықтық актілер аясында жұмыс істеді. Қазақ КСР-нің көпұлтты аймақтарының бірі ретінде қалыптасқан Орталық Қазақстан халқы арасында жиырмаға жуық түрлі діни ағымдар таралды. Орталық Қазақстан 1941-1991 жж. ресми тіркеуден өткен және өтпеген мұсылман, православиелік христиан, евангелдік христиан-баптист, католик, лютеран, меннонит және т.б. жеткілікті түрде ірі діни қауымдардың қызмет ететін орталығына айналып, кеңестік кезең үшін «кеңес өкіметі кезінде дін болған жоқ» деген хрестоматиялық тұжырымдаманы жоққа шығарды.

1941-1991 жылдардағы қазақстандық қоғамдағы діндарлық пен Қазақ КСР діни ұйымдары тарихының жекелеген мәселелері кеңестік, шетелдік және қазіргі отандық тарихнамада зерттеу нысанына айналды. Алайда аталған мәселелер бойынша кешенді жұмыстар жоқ. Сонымен қатар осы кезеңдегі республиканың аймақтары бойынша зерттеулер мүлдем жоқ. Қазіргі қазақстандық тарихнамада мұсылман діни ұйымдарының тарихы зерттелгенімен, белгіленген кезеңдегі орыс православие шіркеуінің, ЕХБ, католиктер, лютерандар және т.б. тарихы жеткілікті зерттелмеген. Орталық Қазақстанның діни ұйымдарының тарихын кешенді зерттеген жұмыстар жоқ. Архив құжаттарын талдау және оларды ғылыми айналымға енгізу конфессиялық жағдайды зерттеуге, облыстағы діни ұйымдардың қызметін бақылауға мүмкіндік берді. Зерттеліп отырған кезеңдегі Орталық Қазақстанның діни ұйымдарының тарихы, КСРО мен ҚазКСР-ның құрамдас бөлігі ретінде, кеңес өкіметінің діни ұйымдармен және діндарлармен қарым-қатынасының эволюциясын зерделеуге айтарлықтай үлес қосуға мүмкіндік береді.

**Зерттеу жұмысының мақсаты** 1941-1991 жж. Орталық Қазақстандағы діни ұйымдардың тарихын кешенді зерттеу.

Диссертацияда келесі **міндеттер** қойылды:

- зерттеу кезеңіндегі мемлекеттің діни саясатын талдау және ресми биліктің діни ұйымдармен қарым-қатынасының сипаттамасын беру;
- 1941-1991 жж. діни ұйымдардың құқықтық жағдайын зерделеу;
- Орталық Қазақстанда 1941-1947 жж. діни ұйымдар қызметінің қайта жандануының себептері, аймақтық ерекшеліктері мен оларды тіркеу барысында туындаған мәселелерді айқындау;
- 1948-1953 жж. ресми биліктің дінге қатысты қудалауының күшеюі жағдайында діни ұйымдардың қызметін зерттеу;
- 1954-1964 жж. хрущевтік әкімшілік қудалау кезеңіндегі діни ұйымдардың қызметін зерделеу;
- 1965-1985 жж. Орталық Қазақстанның діни ұйымдары мен биліктің өзара қарым-қатынасының ерекшеліктерін талдау;
- 1985-1991 жж. «қайта құру» кезеңіндегі Орталық Қазақстанның діни ұйымдары қызметінің негізгі бағыттарын көрсету және аймақтағы конфессиялардың рөлін, орны мен маңызын анықтау.

**Зерттеудің нысаны** 1941-1991 жж. Орталық Қазақстандағы діни ұйымдар.

**Зерттеудің пәні** 1941-1991 жж. аймақтағы діни ұйымдардың қызметі.

**Зерттеудің әдіснамалық негізі.** Диссертациялық зерттеу барысында тарих ғылымының, танымның және ғылыми зерттеудің негізгі: нақтылық, тарихилық, шынайылық, жүйелілік, тарихи деректерге сүйену, тарихнамалық дәстүр принциптері қолданылды.

Нақтылық принципі осы диссертацияда, объекті мазмұнының бірегейлігін, орны мен даму уақытының дәлдігін ескеріп зерттеуге бағытталған. Біздің зерттеуімізде тарихилық принципін іске асырудағы шарттардың бірі – қарастырылып отырған аймақтағы конфессиялардың дамуын өзара қатынаста объективті қарау, зерделеніп отырған аймақтың ерекшелігін анықтай отырып, нақты тарихи материалды талдау болып табылады. Шынайылық принципі тарихшының зерттеуі барысында объективтілікке, ғылыми шындыққа жетумен байланысты емес субъективті қателерді жеңуге ұмтылуы керек деп болжайды. Сондай-ақ, шынайылық принципі зерттеушіні бұрмаламай және алдын-ала жасалған схемаларға салуға мәжбүрлемей, мәселенің оң және теріс жақтарының жиынтығында, фактілерге сүйене отырып зерттеуге бағыттайды. Жүйелілік принципі діни ұйымдардың қызметі, осы тарихи зерттеудің пәні ретінде, барлық ішкі элементтердің (құрылым, басшылық, ұйымның белсенділері мен мүшелері, ішкі ресурстар, діни әдебиет және т.б.) өзара байланысында және оның сыртқы байланысында (мемлекет, билік, партия, күштік құрылымдар және т. б.) қарастырылуы тиіс деп болжайды.

Тарихи деректерге сүйену принципі тарихи ақпараттан материалдарды іріктеу кезінде қолданылды (зерттеуде қолданылатын тарихи деректердің бес тобын анықтадық: одақтық, қазақстандық және жергілікті билік органдарының нормативтік-құқықтық актілері; іс жүргізу құжаттары; мерзімді баспасөз материалдары; статистикалық және мемуарлық, естелік деректер).

Тарихнамалық дәстүр принципі кез-келген тарихи зерттеудің пәні, осыған дейінгі ғылыми зерттеу нәтижелерін ескере отырып жүргізуді білдіреді.

Жұмыста өткен тарихи зерттеулердің нәтижелері пайдаланылды. Бұл, әрине, тақырып бойынша зерттелген мәселелердің тарихнамалық дәстүрін жалғастыруға мүмкіндік беретін негізгі принциптердің бірін құрады.

Диссертациялық жұмыста бірқатар жалпы ғылыми әдістер: талдау және синтез, индукция және дедукция, аналогия және модельдеу; және арнайы-тарихи: кезеңдеу, тарихи-салыстырмалы, тарихи-жүйелік, ретроспективті әдіс және т.б. қолданылды. Нақты-тарихи әдістер көмегімен Орталық Қазақстанда қалыптасқан тарихи жағдайға байланысты діни ұйымдар қызметінің шынайылығы, жалпыодақтық заңдылықтары мен аймақтық ерекшеліктері айқындалады.

Зерттеудің әдіснамалық негізі жүйелік және құрылымдық тәсіл принциптеріне де негізделген. Тарихи-салыстырмалы, тарихи-жүйелік, компонент әдістері архив құжаттарынан алынған мәліметтердің фрагменттерін диссертация жұмысының мазмұнына енгізуге, құжаттарды салыстыруға және талдау жасауға мүмкіндік берді. Тарихи-салыстырмалы әдіспен соғыс жылдарындағы, «хрущев жылымығы», «тоқырау», «қайта құру» кезеңдеріндегі діни ұйымдар мен конфессиялар қызметінің әртүрлі формалары, құралдары, әдістері және олардың осы хронологиялар шеңберіндегі өзгерістері зерттелді.

Түрлі конфессиялар мен діни ұйымдардың қызметін зерделеуде, архив қорларының материалдарын іріктеуде: конфессиялар бойынша статистикалық деректермен жұмыс істеу (кестелер, диаграммалар жасау және т.б.), тарихи-типтеу және т.б. әдістер қолданылды.

Жоғарыда аталған, басқа да жалпы ғылыми және арнайы тарихи әдістер мен тарих ғылымының принциптерін қолдану 1941-1991 жж. Орталық Қазақстандағы діни ұйымдар тарихын зерттеуге жәрдемдесті.

**Зерттеудің хронологиялық шеңбері** 1941-1991 жж. қамтиды. Хронологияның төменгі шегі Ұлы Отан соғысының басталуымен, КСРО-да дін мен конфессияға қатысты мемлекеттік саясатта түбегейлі өзгерістің орын алуымен байланысты. Хронологияның жоғарғы шегі ХХ ғасыр тарихындағы кеңестік кезеңнің аяқталуымен және Қазақстанның егемендік алуымен байланысты.

**Зерттеудің аумақтық шеңбері** 1941-1991 жж. хронологиялық шеңберде Орталық Қазақстан аумағын қамтып (аумағы жағынан Қарағанды облысымен сәйкес келеді), діни ұйымдардың дамуының аймақтық заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік берді.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы:** Алғаш рет 1941-1991 жж. Орталық Қазақстандағы діни ұйымдардың тарихы кешенді зерттелді. КСРО көлемінде жүргізілген конфессиялық саясатты жүзеге асыру механизмдері аясында жеке аймақтағы діни ахуал, діни ұйымдардың құқықтық жағдайы талданды. Облыстық, республикалық және ресейлік архивтердегі уәкілдердің қорларынан жарияланбаған деректердің үлкен кешені ғылыми айналымға енгізілді. Орталық Қазақстандағы 1941-1991 жж. діни өмір зерттелді. Діни бірлестіктердің аймақ бойынша таралу географиясы анықталып, діндарлардың әлеуметтік, жыныстық және жас құрамы туралы түсінік берілді. Алғаш рет

бұрын зерттелмеген діни қауымдардың тарихы жазылды. Архив құжаттары негізінде діни ұйымдардың ішкі өмірі, діни ғұрыптарды өткізу, мешіттер мен шіркеулерде өткізілетін діни рәсімдердің түрлері, атап өтілетін діни мерекелер және т.б. зерделенді. Зерттеліп отырған кезеңде көрініс тапқан діни ұйымдардың қызметі, дін қайраткерлердің өмірбаянына қатысты мәліметтер ұсынылды.

**Зерттеу жұмысы бойынша қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.** Жүргізілген зерттеу негізінде аймақтағы діни ұйымдардың дамуы жайлы келесі тұжырымдар ұсынылады:

- Орталық Қазақстандағы діни үдерістер Кеңес Одағының осы кезеңде жүргізген конфессиялық саясаты негізінде дамыды. Коммунистік партия мен мемлекеттік органдар жүргізген дінге қарсы саясат республикада да, аймақта да жүзеге асырылды. КСРО-дағы діни ұйымдарды тіркеу ережелері, жалпыға ортақ болуына қарамастан, барлық діни қауымдастықтарға бірдей мәртебе бермеді. Діни ұйымдарға қатысты саясаттың өзгеруі Орталық Қазақстандағы діни ұйымдардың дамуының 5 кезеңін анықтауға мүмкіндік берді: 1941-1947 жж.; 1948-1953 жж.; 1954-1964 жж.; 1965-1985 жж.; 1985-1991 жж. Биліктің діни саясатының жұмсаруына немесе қатандауына соғыс жылдарында қоғамды біріктіру қажеттілігі немесе халықаралық жағдай ықпал етті. Дінге қарсы күреспен үгіт-насихат қатар қолданылып, биліктің барлық ресурстарын пайдаланылып: діни қызметкерлерді жазалау, діндарлардың жеке өміріне араласу, құқықтарын шектеу және т.б. жүрді.

- Орталық Қазақстандағы діни ұйымдардың құқықтық мәртебесі орталықта қабылданған нормативтік құқықтық актілермен реттелді. 1941-1991 жж. құқықтық-нормативтік база 1918 ж. «Шіркеуді мемлекеттен бөлу туралы» декрет пен 1929 ж. «Діни ұйымдар жайлы» қаулыға негізделді. Диссертациямызда біз 1941-1991 жылдары қабылданған 50-ге жуық одақтық, 10-нан астам республикалық қаулылар мен заңдарды қадағаладық. 1943 жылы қарашада «Шіркеулер ашу тәртібі жайлы» қаулы қабылданып, діни ұйымдарды ресми тіркеу басталды. 1947 жылы Бүкілодақтық «Білім» қоғамын құру туралы заң қабылданып, ол дінге қарсы күресте негізгі тірек болды. Соғыстан кейінгі жылдары дінге қарсы күресті бастаған заңдар, жарлықтар, қаулылар қайтадан қабылдана бастады. Қабылданған жарлықтар негізінде ресми тіркелген діни ұйымдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, олардың діндарларға қызмет етуіне және рәсімдер жасауына мүмкіндік беретін нормативтік ережелер жүйесі қалыптасты. Бірақ уақыт өте келе бұл ережелер өзгеріп, діндарларды қудалауға, белгілі бір әрекеттері үшін оларды әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартуға әкелді. Діндарлыққа қарсы күрес барысында билік діни қызметкерлер мен діндарларға қолданатын жазаның түрлері (мәжбүрлі қоныс аудару, айыппұл салу, түрмеге қамау және т.б.) артты.

- 1941-1942 жж. Орталық Қазақстанда діндарларды қудалау жалғасып, кейбір діни қызметкерлер түрмеге жабылды. Бірақ 1942 жылдың қыркүйегінен бастап одақта кеңес қоғамын фашизммен күреске жұмылдыру мақсатында діни ұйымдарға жеңілдіктер жасала бастады. Нәтижесінде мемлекеттік-

конфессиялық конфронтация серіктестікке айналды. 1943 жылдан бастап діни қауымдардың жұмысы күшейе түсті: діни рәсімдерді өткізу, соғысқа қаражат жинау, діни мерекелерді атап өту және т.б. Діни қауымдарды ресми тіркеуден өткізуге рұқсат беріліп, олардың қызметін реттейтін құжаттар қабылданды. Соғыс жылдарында Қазақ КСР аумағында діни ұйымдарды тіркеу басталғанына қарамастан, Орталық Қазақстанда ресми тіркеу соғыс аяқталғаннан кейін жүзеге асырылды. Билікке өзінің «адалдығын» дәлелдеген мұсылман ұйымдары, ОПШ, ЕХБ қауымдары, 1946 жылы бірінші болып тіркелді. Билікті мамандардың жетіспеуінен аймақтағы үлкен қиындықтардың бірі - Дін істері жөніндегі кеңеске тікелей бағынышты уәкілдерді тағайындау мәселесі болды.

- 1948-1953 жж. атеистік насихаттың күшеюімен ерекшеленді (алдыңғы кезеңмен салыстырғанда). Азаматтардың атеистік дүниетанымын қалыптастыру қайтадан күшейтіліп, дінге қарсы үгіт-насихат жүргізуде Бүкілодақтық «Білім» қоғамының мүмкіндіктері пайдаланылды. Дінге қарсы күреске Орталық Қазақстанның облыстық, қалалық және аудандық кеңестері мен жергілікті баспасөз жұмылдырылды. Бірақ, Бүкілодақтық қоғам жүргізген шаралар билік күткен нәтиже бермеді. Ресми тіркелген ұйымдар санының азаюына қарамастан (Қарқаралы, Жаңаарқа) діни қауымдар мен діндарлар саны көбейді. Естеліктерге сәйкес, діндарлар діни рәсімдерді жасырын өткізіп, діни мерекелерді атап өтті. ЕХБ діндарлары санының өсу динамикасы республикалық деңгейден жоғары болды. Дін істері жөніндегі уәкілдер аймақтағы тіркелмеген лютеран, пятидесятник, ескірәсімшілдер қауымдастығын анықтады.

- Дінді әкімшілік қудалау хрущев онжылдығында күшейді (1954-1964 жж.). Діни ұйымдарды ресми тіркеуге шектеу қойылып, Қарағандыдағы танымал мұсылман діни ұйымдарын жабуға әрекет жасалды. Мемлекеттегі діни қудалау саясатына қарамастан, Орталық Қазақстанда екі православие шіркеуі тіркеуден өтті. ДІК уәкілінің мәліметтері бойынша 1957-1960 жж. аймақтағы бірқатар діни бірлестіктер атеист белсенділердің араласуымен өз қызметін тоқтатты. Бірақ жалпы алғанда, облыстағы протестанттық діни бірлестіктердің саны көбейді. ЕХБ, меннонит пен ехоба куәгерлері қауымдары өздерінің ұйымшылдықтарымен және жұмысты жүйелі ұйымдастырумен ерекшеленді. Діни ұйымдар мен діндарлар жасырын түрде ғұрыптар өткізуді жалғастырды.

- 1965-1985 жж - діни ұйымдар мен билік арасындағы қатынастардың сапалы жаңа кезеңі. Біз оларда екі кезеңді анықтадық: ХХ ғасырдың 60-шы жылдарының ортасы мен 70-ші жылдардың ортасы. және ХХ ғасырдың 70-ші жылдары мен 80-ші жылдардың ортасы. Билік дінмен кешенді күрес жүргізе бастады. Осы кезеңде облыста ҚҒА, «Білім» қоғамының бөлімдері құрылып, олар жергілікті ғалымдарды үгіт-насихат жұмыстарына тартты. Халықтың діндарлығын зерттеу тәсілдері өзгерді: университеттерде «ғылыми атеизм» кафедралары құрылды, діндарлар арасында социологиялық зерттеулер жүргізілді. Дінге қарсы күрестің жүйелі әрі ойластырылып жүргізіле бастағанын айта кету керек. Діндарлықты тежеу, оның табиғатын тану және

онымен күресудің әдістері мен тәсілдері жасалды. Хрущев кезеңімен салыстырғанда діни ұйымдардың белсенділігі артты. Діни ұйымдар өз наразылықтарын ашық білдіріп, талаптар қоя бастады (мысалы, «шіркеу жақтастары» және т.б.).

- 1985-1991 жж. «қайта құру» кезеңінде мемлекеттік-конфессиялық қатынастар өзгерді. 1986 жылға қарай Орталық Қазақстанда 48 діни ұйым ресми тіркеуден өтті. Елдегі жаңа бағыттың жариялануы дін бостандығын қамтуы тиіс болатын. Алайда билік діни саясатты өзгертуге дайын болмай шықты. Республикалық ДІК орталығынан жіберілген бұйрықтар негізінде аймақтық билік діни ұйымдардың қызметін бақылауға алуға тырысты. Бірақ жоспарланған атеистік іс-шаралар қағаз жүзінде қалып, діни ұйымдар өз жұмыстарын жандандыра түсті. Кеңестік культ заңын мойындаудан бас тартқан ЕХБ «шіркеу жақтастары», меннониттер және ехоба куәгерлері қауымдары, ресми тіркеуден өтуге бас тартты. Барлық қауымдар діни мерекелерді, рәсімдерді ашық және салтанатты түрде өткізе бастады, діндарлар өздерінің діни культтерін ашық жүргізді.

**Зерттеу жұмысының құрылымы** қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Жұмыс мазмұннан, қысқартулар тізімінен, кіріспеден, жеті бөлімнен тұратын үш тараудан, қорытындыдан, қолданылған дерек көздері мен қосымшалар тізімінен тұрады.